



Ақмешіт

2 ақпан
сейсенбі
№9 (1711)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: баға неге қымбаттады?

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Баспана бағасы қымбаттады. Тағы да қымбаттайды. Мұның себебі... Шынында себебі қандай? Бүгінде қоғамда жиі талқыланп жүрген, тіпті басты мәселеге айналған үй бағасының қымбаттауына түрлі себеп айтылуда. Пандемияның әсері, зейнетақы жинағының бір бөлігінің беріле бастауы және тағы басқа себептер аз емес. Алдағы баға жайына болжам жасамас бұрын өткен жылы тұрғын үй нарығында бағаның қалай құбылғанына тоқталып көрейік.

Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде тұрғын үйдің 1 шаршы метрі 2020 жылдың желтоқсан айында 307,6 мың теңгені құрап, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19,4 процентке, ал абаттандырылған үйдің 1 шаршы метрі 228,2 мың теңге болып, 20,1 процентке өскен. Сарапшылар үй бағасының өсуіне зейнетақы жинағының бір бөлігін азаматтардың алуына мүмкіндік жасауымен деген алып-қашпа пікірлердің тіпті қатысы жоқ екенін айтады. Себебі баспана бағасы өткен жылдың желтоқсанында едәуір өсе түскен.

Жұырада өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй нарығындағы дүрмек пен бағалардың өсуіне жол бермеу үшін нақты шаралар қабылдау қажеттігін атап айтты. Яғни мемлекеттік органдар тұрғындар мен құрылыс компанияларының басшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алып-сатарлық операцияларға шектеу қоюы керек. Үкіметке екі апта ішінде тұрғын үй саясатын жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар топтамасын енгізу жөнінде тапсырма берді.

Баспана бағасының өсуінің себебі неде? Шынында зейнетақы жинағының бір бөлігін азаматтарға беру баспана бағасына әсер етеді ме? Мұнан өзге қандай себеп бар? Тұрғын үй нарығына әсер еткен факторларды жан-жақты қарастыру үшін мамандардың пікіріне сүйендік.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі Гүлшат Мұсаева бағаның қымбаттауына алып келген бірнеше факторды атап өтті:

1. Ұлттық валютаның әлсіреуі. Соңғы үш жылда теңге 30 процентке арзандаған.

2. Баспанамен қамтуға арналған «Нұрлы жер», «Баспана хит», «Бақытты отбасы» және басқа да қолжетімді тұрғын үй бағдарламаларының іске қосылуы нәтижесінде ипотека рәсімдеу өткен жылы 11 процентке артқан.

3. Делдалдар. Қалталы азаматтар үйдің құрылысы жүріп жатқанда, тіпті іргетасы қаланған сәтте арзанға сатып алады да құрылыс біткен соң үйдің бағасына кем дегенде 15-30 процент көлемінде үстеме қосып, қайта сатады.

4. Нарықтық экономиканың ең маңызды элементтері – сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі.

2 БЕТТЕ

COVID-19

Кешеден бастап COVID-19 вирусына қарсы вакцина егу басталды. Бүгінде аймаққа ресейлік «Спутник V» вакцинасының 1 мың дозасы әкелініп, бірінші кезекте медицина қызметкерлері мен педагогтерге, созылмалы аурулармен ауыратын адамдарға ерікті түрде салынады деп жоспарланған. Вакцина салдырғандардың қатарында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет те бар. Сондай-ақ облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов та вирусқа қарсы вакцина салдырған алғашқы азаматтардың қатарына қосылды.

«Спутник V»: Вакцина егу басталды



лейінгілер мен 65 жастан аскандарға салынбайды.

– Бүгінде COVID-19 вирусынан әлем бойынша 2 млн 200 мыңнан астам адам көз жұмды. Әзірге вирусты тоқтатудың жалғыз жолы – дертке қарсы вакцина салдыру. Сондықтан алғаш болып ерікті түрде вакцина қабылдауға шешім қабылданды. Қоғамның саулығы үшін әрбір азамат вакцинаға бей-жай қарамауы тиіс. Әрине, екпе жұмысы ерікті түрде жүргізіледі. Ешкімді қыстау, мәжбүрлеу болмайды. Әрбір азамат бұл қадамға ерікті түрде барады. Оның үстіне аталған вакцина толық тексерілген, тіркеуден өткен, – делі облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет.

Аймаққа жеткізілген вакцина көлемі мың доза болғанымен, жыл соңына дейін кезек кезеңімен 80 мың доза әкелінеді деп күтілуде. Вакцинаны сақтау тәртібі де назарда. Белгіленген -20 °C температурада сақтау үшін емханаларға арнайы тоназытқыш қойылып, мамандардың біліктілігін арттыру жұмысы жүргізілген. Бұл жайында №3 емханада екпе салдырған облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сәбит Пазылов айтып өтті.

– Бүгін «Спутник V» вакцинасын қабылдадым. Вакцинаны қабылдау екі кезеңнен тұрады. Азаматтар алғашқы

вакцинаны қабылдағаннан кейін, 21 күннен соң екінші дозасын салдыруы керек. Сонда ғана дәрінің тиімділігі артады. Сонымен қатар вакцинаның бірнеше жанама әсері болуы ықтимал. Мысалы, ине салған орынның ашуы, әлсіздік, тымау белгілері байқалуы мүмкін. Алайда қобалжудың қажеті жоқ. Бұл – уақытша құбылыс, қалыпты жағдай. Дертпен күресудің басты жолы вакцина екенін ескерсек, барша жерлердегі уақыт ұттырмай вакцина қабылдауға шақырамын, – делі денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

Денсаулық сақтау министрлігі жыл соңына дейін 6 миллион қазақстандыққа вакцина салуды жоспарлап отыр. Соның ішінде Қызылорда облысында 80 мыңға жуық тұрғын вакцина қабылдайды деп межеленген. Айта кетейік, қазіргі таңда Сыр өңірі «жасылы» аймақта тұрақтанған және эпидемиологиялық көрсеткіш қалыпты саналады. Егер ахуал күрделенген жағдайда 8 стационар, 61 алғашқы медициналық-санитарлық мекемені індетті ауыздықтауға жұмылдыру жоспарланған. Оған қоса 54 фильтр кабинеті, шақырулар мен консультацияға арналған телефон, қосымша 81 автокөлік қарастырылған. Сондай-ақ жалақы арада отандық вакцина да қолданысқа енеді деп жоспарланады.

Е.Б.АЛТАБЕКҰЛЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

«СЫБАҒАДАН» СЫБАҒАСЫН АЛҒАҒАНДАР

«Біз – қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». Бұл – Қазыбек бидің қалмақ қолбасшысы Қалдан Серенге айтқаны. Әңгіме ауаны амандасқанда «Мал-жан аман ба?» деп бастайтын қазақтың ата кәсібі – мал шаруашылығы жайында өрбімек.

Мал шаруашылығы бүгінгі күнге дейін халық өмірінде өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Мемлекет те тиісті деңгейде қолдау көрсетіп келеді. Шаруаны шын қуатқан бағдарламаның бірі – «Сыбаға» бағдарламасы. Мемлекет бұл мақсатқа несие қаражатын бөліп, халыққа мүйізді ірі қараның экспорттық әлеуетін дамыту мақсатында мол мүмкіндік берілді.

Қалалық ауылшаруашылығы бөлімі берген мәліметке сүйенсек, қазіргі таңда қала бойынша

22 327 бас мүйізді ірі қара, оның ішінде 14 474 бас аналық сиыр, 26 185 бас қой мен ешкі, 8 838 бас жылқы, 2 258 бас түйе, 15 186 бас құс өсірілуде. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 100,7%, аналық сиыр 121,3%, жылқы 111,3%, түйе 103,0%, қой мен ешкі 110,6%-ке көбейгенін көрсетіп отыр, – дейді мамандар.

4 БЕТТЕ



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН КӘСІПОРЫН



«Қызылорда тазалығы» тек қаланы тазартумен ғана емес, оны абаттандырумен де айналысады. Өткен аптада Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Бұл жолғы нысан ерекше. Себебі біз барған кәсіпорында Қызылорда көшелеріне сән беріп, адамның көзі қызығатын дүниелер шығарады. Бұл – «Қызылорда тазалығы» мекемесінің дәнекерлеу цехы. Дәнекерлеу цехында соңғы үлгідегі технологиялардың көмегімен қоқыс жәшіктері мен контейнерлер шығаруда. Кәсіпорын шығарған 113 орындығы мен 20 қоқыс үйіндісі Назарбаев даңғылы мен Жақаев көшесінің бойына қойылыпты. Кәсіпорын алдағы уақытта қоқыс өңдеу саласында да біршама жобаны жүзеге асырмақ.

4 БЕТТЕ

ҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ

ҚАЗАҚТЫҢ ӘБДІЛДАСЫ



Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алатын ірі тұлға елімізге ғана емес, кезінде Кеңес Одағына аты жайылған, шығармалары әлем халықтары тілдеріне аударылған Сыр бойынан шыққан әйгілі қаламгерлер аз емес. Кеңестік дәуірдегі әдебиеттің өкілдері – алдыңғы буын Қалмақан Әбдіқадыров, Әбділла Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетов, Мұхаметжан Қаратаев, олардың ізбасарлары Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Шүкіров, келесі лек – Оразбек Сәрсенбай, Дүкенбай Досжан, Тынымбай Нұрмағамбетов, Бекділда Алдамжаров, Қаржаубай Омаров, Сұлтанәлі Балғабаев, олардан кейін де

әдебиетте өз сөздерін айтып келе жатқан жүзден астам ақын-жазушы, әдебиетші ғалым бар.

Соның ішінде Әбділла Тәжібаевқа тоқталсақ, көзі тірісінде-ақ үлкен де, кіші де мойындаған классик, қазақша ұғымға салсақ, әдебиетіміздің абызы атанды. Қазақ елінің астанасы 1925 жылдың көктемінде Орынбордан Ақмешітке көшіп келгенде жергілікті қала жастарының атынан құттықтау сөзін өлеңмен арнаған бір аяғын сылти ілбитін жұдырықтай талапты бала арада он жыл өткенде талантты ақын ретінде танылып, қазақ кеңес әдебиетінің марқасқаларымен қатарласа аяқ басты. Қазақ әдебиетінің асқар алыбы Ғабит Мүсіреповтің сөзімен айтсақ, Әбділла Тәжібаевтың өмірбаяны – бір есептен қазақ кеңес әдебиетінің өмірбаяны. Ол алыптар тобы – Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқановтың ізін басып әдебиетке келген, сол алыптардың тобына өзі де қосылатын еді.

Әбділла Тәжібаев – көрнекті ақын, драматург, әдебиет, театр зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Бүгінде Қызылорда қаласында көрнекті жазушылар Ә.Тәжібаев, З.Шүкіров, Қ.Мұхамеджановқа ескерткіш орнатылған. Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы абыз ақынның есімімен аталады. Қалада Ә.Тәжібаев атындағы көше де бар.

3 БЕТТЕ

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: баға неге қымбаттады?

БАҒАСЫЗ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Экономистің пікірінше, нарықта сұраныс пен ұсынысқа бағадан басқа да бағасыз факторлар әсерін тигізеді. Атап айтқанда, тұтынушылардың табысы мен тұтынушылар саны, талғамы, бірін бірі алмастыратын тауарлар бағаларының өзгеруі, ресурстар бағасы, технология.

Осындай бағадан басқа да факторларды атап өткен экономист мұның барлығына жеке-жеке тоқталып, талдау жасады:



Бесінші, ресурстар бағасы. Ресурстар бағасының өсуі ұсыныстың азаюына әкеледі. Құрылыс материалдарының шеттен әкелінуі де жаңа тұрғын үй бағасына қатты ықпал етеді, өйткені өзге елдермен сауда-саттық АҚШ доллары бағамына тәуелді. АҚШ долларына шаққанда ұлттық валютаның әлсіреуі бағаның көтерілуіне әкеліп соғады. Сондықтан құрылысқа қажетті ресурстар топтамасында отандық өнімдерді пайдалану халыққа, бизнеске және жалпы елге пайдалы. Елімізде үй салуға қажетті өнімнің 90 проценті өндіріледі, – дейді Гүлшат Мұсаева.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ БАҒАҒА ӘСЕРІ БАР

Ал белгілі экономист-сарапшы, UIB бизнес мектебінің директоры Мақсат Халық тұрғын үй бағасының көтерілуіне әсер еткен фактор мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар дейді.



Бағаның өсуі 2020 жылдың тамыз айынан басталды. Бұған әсер еткен фактор – мемлекеттік арнайы ипотекалық бағдарламалардың әсері. Мәселен, өткен жылы Алматы қаласында «Алматы жастары» деген бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама

айтты. Бұл мәселелер дәл бүгін емес, бұрыннан қалыптасқан. Шынында, бізде қағазда өтірік көп. Оны мойындауымыз керек.

Тұрғын үй бағасы неге қымбаттады? Себебін іздейік. Біріншіден, өзімізде өндірілетін өнімнің үлесі аз. Импортқа тәуелдіміз. Тұрғын үй бағасына байланысты кейбір экономистер мынадай уәж айта бастады. Олардың пікірінше, тұрғын үй ипотекасының нарығы түгелдей мемлекеттің қолында.



Мұны жекелерге беру керек. Сонда бәсекелестік болады, баға түседі. Мен бұл пікірге толық келіспеймін. Себебі қазір халықтың 70 проценті кедейшілікте өмір сүріп жатыр. Ал халық кедей болса, бәсекелестікті дамыту өте қиын.

Бағаның қымбат болуының бір себебі жыл сайын 7-10 процент инфляция болады, содан құрылыс материалдары қымбаттайды. Осындайда құрылыс материалдары өзімізден шығады, баға неге қымбаттайды деген сұрақ тұатыны заңдылық. Мәселені басқа жағынан қарастырайық. Қазір бізде тұрғын үй құрылысын салған кезде өзіндік құнды есептеу жоқ. Кеңес Одағы кезінде 1000 теңгеге салынған үйді халыққа әрі кетсе 1200 теңгеге сататын. Мұны экономикалық тілмен айтқанда 20 процент рентабельділік дейді. Ал қазір 1000 теңгеге салынған үй 1500 теңге ме, әлде екі есе бағасын қосты ма, оны бір құдай біледі. Себебі тексеру механизмі ақсап тұр. Яғни өзіндік құн есебі болмаған соң бағаны жыл сайын қымбаттата береді. Жаңадан салынған бір үйден құрылыс компаниясы да пайда көреді, банк те пайда көреді, тіпті құрылысқа да пайда. Айналып келгенде қарапайым халықтың қалтасына салмақ түседі.

ҚАДАҒАЛАУ ЖОҚ

Тұрғын үй бағасының негізсіз өсуінің бір себебі бағаны қадағалаудың жоқтығынан екенін экономист сарапшы Мақсат Халық та айтты. Ол былай дейді:

Тұрғын үй бағасына әсер ететін фактор – доллардың бағасы. Теңге құнсызданған кезде доллар өсіп кетсе, тұрғын үй нарығында бағаның өсуіне әсер етеді. Өйткені құрылыс компаниялары құрылыс материалдарының көп бөлігін шетелден алып келеміз дейді. Осыны сылтау етіп бағаны өсіре береді. Екінші фактор – құрылыс материалдарының бағасы. Доллар өссе болды, баға қымбаттай береді. Меніңше, құрылыс материалдарын сататын азаматтардың бағаны өсіруге қызығушылығы көп рөл атқаратын сияқты. Сол себепті нарықтағы бағаны қадағалау керек. Себебі құрылыс материалдарының бағасы негізсіз өсіп жатса, тұрғын үйді салып жатқан құрылыс компаниялары да бағаны өсіре береді.

ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ

Бұл орайда құрылысшылар қандай уәж айтты? Өзіміздегі құрылыс саласында өзіндік орны бар «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС директоры Әбдімәжит Жансақалов құрылыс саласындағы мәселелерді ашып айтты:

Өткен жылы Қызылорда облысында тұрғын үй құрылысы қарқынының төмен болғаны бәрімізге белгілі. Бұл мәселе 26 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде де айтылды. Тәжірибелі құрылысшы ретінде саланың көкейкесті мәселелерін жақсы білемін деп айта аламын. Құрылыс қарқынының төмендеуінің басты себебі – жұмысшы күшінің жетіспеушілігі.

Пандемияға байланысты елімізде еңбек мигранттарын кіргізуге шектеу қою – тұрғын үй құрылысына да, оның бағасына да әсер етпей қой-



мады. Құрылыс саласында маман жетіспеушілігі – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Өзіміздің компаниямнан мысал келтіретін болсам, қазір мекеме қара жұмысшыға, бетон құюшыға, әрлеушіге де зәру. Ал прораб бүгінде қат маманға айналды. Құрылыс саласындағы аға буынның ізін жалғастыратын кейінгі буын жоқтың қасы. Ең қиыны – құрылысшы мамандығын оқып, диплом алғандардың басым бөлігі бұл саланың исі мұрнына да бармайтындықтан маңына да жұмай жұмыссыздардың қатарын көбейтіп жүр. Статистикаға сүйенсек, бүгінде еліміз бойынша 1 млн бос жұмыс орны бар. Жұмыс бар, жұмыс істейтін адам жоқ. Бұл – үлкен мәселе. Өткен жылы еңбек мигранттарының кіруіне шектеу қою – еңбек нарығындағы мәселені ашық көрсетті. Өңірдегі 10-15 кірпіш зауыты Өзбекстан, Қырғызстан мемлекетінен еңбек мигранттарының келе алмау себебінен өнімді жұмыс істей алмады. Мұндай жағдай біздің мекемемізде де орын алды. Еңбек мигранттарының болмауынан кірпіш зауытымыз уақытша жұмысын тоқтатты. Жұмысшы күшінің жоқтығы аймағымызда сұранысқа сай көлемде өнім шығаруына кері әсерін тигізді. Бұл бағаның қымбаттауына да әсер етті.

Бағаның қымбаттауына әсер еткен екінші фактор – азық-түлік бағасының қымбаттауы. Өткен жылы азық-түлік бағасы 40-50 процентке қымбаттады. Бұл жалпы бағаның қымбаттауына алып келді. Құрылыс бағасы да өсті. Бір ғана мысал, жергілікті зауыттардың кірпіші 50 процентке (былтыр 40-45 теңге болса, биыл 60-62 теңге), Көкшетаудың қызыл кірпіші 50 процентке қымбаттады (былтыр 123 теңге болса, биыл 183 теңге).

Ал құрылыс материалдарының қымбаттауы тұрғын үй бағасына әсер ететін айдан анық. Қарапайым тілмен айтқанда құрылыс компаниялары қымбат бағаға үй салып, оны арзанға сата алмайтыны белгілі. Қазір біздің компания үйдің шаршы метрін 180-200 мың теңгеден сатуда. Ал жаңадан салынатын үйлерді бұл бағаға сата алмаймыз. Себебі белгілі.

Менің ұсынысым – өңірімізде құрылыс қарқынын төмендетпеу үшін еңбек мигранттарын кіргізу мәселесі Үкімет деңгейінде шешімін табуы тиіс. Әйтпесе, бұл мәселе күйінде қалады. Біздің өстімізше, Шымкент қаласы, Түркістан, Ақтөбе облыстарында бұл мәселелер шешімін тапқан дейді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР БАҒАНЫ ҚЫМБАТТАТА МА?

Мақсат Халық, экономист-сарапшы:

Қаша дегенмен зейнетақы жүйесіндегі өзгерістер тұрғын үй нарығында бағаның өсуіне тағы да әсерін тигізуде. Қазір құрылыс компаниялары «тез-тез келіп өз баспанаңды алып қал. Зейнетақы қорыңан ақша келгенше. Ол кезде баға тіпті өсіп кетеді» деген жарнамаларын байқап жүрмін. Мұндай жарнама нарықтағы бағаның өсуіне әсерін тигізеді. Бұл қазірдің өзінде бағаға әсер етуде. Дегенмен қазір мынадай пікір де бар: «Жылдар бойы жинаған ақшамды бағасы негізсіз өскен тұрғын үй сатып алуға жұмсағаным қаншалықты дұрыс?» Бұл сұрақ көпшіліктің баспана алу ниетін өзгертуде. Көпшілік осындай шешімге келсе, құрылыс компаниялары үшін күткендегідей сұраныс болмаса нарықтағы баға тұрақтылыққа келеді деп есептеймін. Бұл көктемде ақ белгілі болады.

Түйін.

«Үйі жоқтың күйі жоқ» демекші, бір баспанаға қол жеткізсем деген арманы асқақ, жалақысы төмен отбасылардың жылдар бойы жинаған қаржысын инфляция жеп қоймау керек. Сайып келгенде экономистердің пікірі осы түйінде тоғысады. Жақында Ұлттық банк өткенде ақша-кредит саясатымен айналысатын комитеттің құрылуы үміт отын жылт еткізді. Құзырына базальқ мөлшерлеме туралы шешім қабылдау, ақша-несие саясатының негізгі операциялары бойынша пайыздық мөлшерлемені белгілеу кіретін бұл комитет құрамында ұлттық банк мамандарымен бірге тәжірибелі тәуелсіз мамандар болады.

Президент тапсырмасы, жаңа комитеттің құрылуы, экономистердің жан-жақты талдау мен ұсынысы тұрғын үй нарығында бағаны тұрақталуына әсерін тигізеді деп ойлаймыз.

Бағаны тұрақтандырудың қандай жолы бар немесе экономистер қандай ұсыныс айтады?

Гүлшат Мұсаева, экономика ғылымдарының магистрі:

1. Халықтың әл-ауқатын көтеру арқылы орта таптың үлесін арттыру. Оның бірден бір жолы жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Бұл бағытта елде және өңірлерде кешенді жұмыстар атқарылуда. Мысалы, «Еңбек», «Бизнесің жол картасы 2025» және тағы басқа мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Бақуатты тұрғындар баспана мәселесін шешуге де қабілетті болады.

2. Құрылыс материалдарының өндірілетін отандық өнім өндірушілерді қолдау арқылы бәсекелестік ортаны қалыптастыру. Өнім өндіретін кәсіпорындар саны артқан сайын өнім бағасы төмендейді, сапа жақсартады. Нарық заңдылығына сәйкес тұтынушының талғамы мен қажеттілік талаптарына сай келетін өнім түрлерін өндіруші кәсіпорындар ғана нарықта өз позицияларын сақтап қала алады.

3. Эконом кластағы үйлерді мемлекеттің өзі салуы. Сол арқылы бағаны арзандатуға мүмкіндік туады, мұндай үйді салуға кететін құрылыс материалдары мен шикізаттардың 90 проценті отандық өнімдер. Сондықтан баға қымбат болмайды. Бұл халықтың осал топтарын баспанамен қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

4. Ауылдық жерлерде жалдамалы тұрғын үйлер салуды қолға алу. Мемлекеттің құрылыс шығындарын субсидиялау арқылы кәсіпкерлерді ынталандыруы маңызды. Салық ставкасының өсуі ұсыныстың азаюына, субсидияның берілуі ұсыныстың өсуіне әкеледі. Көпбалалы отбасылардың басым бөлігі елді мекендерде тұрады. Оның үстіне ауылда халықты жұмыспен қамту мүмкіндігі төмен, орташа жалақы мөлшері мардымсыз, жұмыссыздық деңгейі жоғары екендігі белгілі.

Мақсат Халық, экономист-сарапшы, UIB бизнес мектебінің директоры:

1. Мемлекеттік жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар тек әлеуметтік осал топтарға ғана арналуы тиіс. Себебі, бағдарламалар санының көптігі тұрғын үй бағасының өсуіне әсерін тигізіп отыр. Сол себепті мемлекет бюджет есебінен тек әлеуметтік осал топтар үшін шығындалуға болады. Ал өзгелер үшін жеңілдетілген несие беру дұрыс емес. Бұл қарапайым халықтың баспанаға қолжетімділігін төмендетіп жібереді.

2. Бюрократиялық кедергілерді жою. Құрылыс компаниялары жаңадан жер сатып алған кезде оның мақсатты қолдануын ауыстыру керек болады. Сондай кезде бюрократиялық кедергілер болатынын айтады. Бұл тұрғын үй бағасының белгілі бір дәрежеде өсуіне әсерін тигізеді. Кейбір құрылыс компаниясының басшылары «біз эконом кластағы арзан бағаға үй салғымыз келеді. Бірақ жер сатып алу, жерді мақсатты қолдану бағытын ауыстыру барысында құжаттарды реттеп болғанша көп шығынға ұшыраймыз. Мұның барлығы бағаның қымбаттауына әкеледі» дейді. Осы процедураларды жасаған кезде мемлекет тарапынан құжаттардың тез әрі оңай рәсімделуіне жағдай жасалып, кедергілер жойылса деймін.

3. Теңгенің құнын арттыруға жұмыс жасау. Егер теңге қатты құнсызданбайтын болса, азық-түлік бағасы қатты өсіп кетпесе, инфляция деңгейі түседі. Осы кезде Ұлттық банк базальқ пайыздық мөлшерлемені де түсіреді. Базальқ пайыздық мөлшерлеме қазір 9 процент. 2021 жылы Ұлттық банк инфляцияны реттеу саясаты бойынша 4 процентке қол жеткізу керек еді. Өкінішке орай пандемияның салдарынан бұл мақсатқа жете алмай қалды. Инфляция өткен жылдың қорытындысы бойынша 7,5 процентке дейін өсіп кетті. Мұндай кезде базальқ мөлшерлемені түсіре алмайды. Алдағы уақытта инфляция 4 процентке түссе, базальқ пайыздық мөлшерлемені 5 процентке дейін түсіруге болады. Сол кезде ипотекалық несиелердің проценті төмендейді, тіпті екінші деңгейлі банктен 6-7 процентпен ипотекалық несие беру қауқары болады. Сол кезде арзан ипотекаға жоғары балл жинаған жастар ғана емес, еліміз бойынша барлық жастар, тіпті барлық тұрғын қол жеткізе алар еді. Базальқ пайыздық мөлшерлеме түсуі бизнес үшін де жақсы. Кәсіпкерлер арзан несие алады, жұмыс жүреді. Халыққа жақсылық жасау үшін экономика заңдылығын білген дұрыс.

Ұлттық банк жылдар бойы инфляцияны 3-4 процентке жеткізсек деген мақсатта әрекет етуде. Бірақ бұл бір ғана Ұлттық банктің қолынан келмейді. Ақшаның құнын арттыруға үлес қосатын – Экономика, Индустрия, Ауылшаруашылығы, Қаржы министрліктері. Аталған министрліктер еліміздегі өндіріс ошақтарын көбейтуге, зауыттар мен фабрикалар санын арттыруға, «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы жеңіл өнеркәсіпті жолға қоюға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындарды бақылап, бағаны негізсіз өсіруге шара қабылдау қажет.

4. Мемлекеттік кепілдік керек. Зейнетақы жинағының бір бөлігін алған азаматтар үлескер ретінде құрылыс компанияларына ақшасын аудару мүмкіндігі қарастырылса, нарықтағы сұраныс азаяр еді. Мұндай кезде азаматтар қымбат бағаға үйлерді алмай, үлескер болуға шешім қабылдай еді. Бірақ осы жерде мемлекеттік кепілдіктің болуы өте маңызды. Жаңадан салынып жатқан үйлерге мемлекет кепілдік беру қажет. Қазір үй алғысы келген азаматтар құрылыс компанияларына үлескер болайын десе, кепілдік жоқ, қауіп бар. Осы мәселе шешімін табуы тиіс.

Нұрлан Жошанов, қала тұрғыны, экономист:

– Меніңше, тұрғын үй бағасы әлі де 10-15 процентке қымбаттауы мүмкін. Оның 10 проценті инфляцияға байланысты болса, 5 проценті зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін тұрғындарға беруге байланысты. Оның үстіне пандемия әсерінен инфляция деңгейі басқа жылдарға қарағанда жоғары болып тұр. Бүгінде халықтың табысы мен шығыны сәйкес келмейді. Қарапайым мысал, Қызылорда қаласында пәтердің шаршы метрі 180 мың теңге деп алайық. Сонда 60 шаршы метрді құрайтын 2 бөлмелі пәтер 10 млн 800 мың теңге болады. Осы бағаға пәтерді алу үшін айына 120-130 мың теңге жалақы алатын азамат ішпей-жемей 7 жыл жинауына тура келеді. Ал жинады делік. 7 жылда инфляция қалай өзгереді? Жинаған ақшасына пәтер ала алады ма? Мәселе осында. Баға тұрақтылығын сақтау үшін ел экономикасын нығайту керек. Өндіріс орындарын ашып, өзімізде өндірілетін өнімнің үлесі көп болу қажет.

– Сұраныс пен ұсынысқа бағадан басқа әсер ететін факторлардың бірі – тұтынушылар табысы. Табыс өскен сайын тұтынушылардың сұранысы да көбейеді. Елімізде орташа жалақы деңгейі айтарлықтай өсті. 2020 жылдың қыркүйегінде бұл көрсеткіш 208666 теңгені құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 65,6 процентке өсті. Әсіресе, білім, денсаулық, әлеуметтік қызметтер саласында екі есеге артқан.

Екінші фактор – тұтынушылар саны. Тұтынушылар саны көбейген сайын сұраныс та өседі. Баспана



нарығында сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігінің болмайтыны секілді, халықтың барлығы дерлік баспанамен толық қамтылуы күрделі процесс. Мысалы, Қызылорда қаласында 70 мыңнан аса отбасы өмір сүреді. Қазіргі таңда тұрғын үй кезегінде тұрған адам саны – 25395. Осыны ескере отырып, тұрғын үй құрылысын дамытуға басымдық берілуде. Өткен жылдың өзінде «Нұрлы жер» бағдарламасымен 380 отбасы тұрғын үймен қамтылды. Тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі жан басына шаққанда Еуропада 45-55 шаршы метр, ал бізде 20 шаршы метрден 23,6 шаршы метрге өсті. Дегенмен бұл көрсеткіш жеткіліксіз.

Үшінші фактор – тұтынушылар талғамы. Бүгінде пәтерден гөрі жеке сектор мен саяжайға, жер теліміне сұраныс басым. Бұл сұранысқа пандемия әсер еткен. Еліміздің облыс орталықтары мен шағын қалаларында жыл сайын инженерлік желілермен қамтамасыз етілген жеке тұрғын үй құрылысы үшін шамамен 25 мыңға жуық жер телімі бөлінеді.

Төртінші, бірін бірі алмастыратын тауарлар бағасының өзгеруі. Егерде тауарлар бірін-бірі алмастыратын болса онда бір тауардың бағасының өсуі екінші тауарға деген сұраныстың ұлғаюына әкеледі. Біздің мысалымызда жаңа тұрғын үй бағасының артуы оны алмастыруға болатын екінші деңгейлі тұрғын үйге деген сұранысты көтеріп жіберді. 2021 жылдан бастап азаматтар өзін зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй алуға, оның ішінде екінші деңгейлі тұрғын үй алуға мүмкіндігі бар. Бұл өз кезегінде нарықтың сұраныс заңына сәйкес екінші нарықтағы тұрғын үй бағасының шарықтауына әсер етуде.

Басы 1-бетте

ӨЗІНДІК ҚҰНДЫ ЕСЕПТЕУ ЖОҚ

Тұрғын үй бағасының қымбаттауының бір себебі өзіндік құнды есебі жоқтығынан дейді экономика тақырыбында жазатын журналист Жолдасбек Ақсақалов. – Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасындағы түйткілдерді атап



ҚАЗАҚТЫҢ ӘБДІЛДАСЫ

БАЛА АҚЫННЫҢ ӨМІРІ

Әбділда ақын Сыр өңірінде 1909 жылы ақпан айында туған. Әкесі Тәжібай Қарымсақов жастай жетім қалып, көп өмірін жалшылықта өткізген. Қала байының қора сыпырушысы болды. Одан кейін Шевков деген орыс мұғалімінің айтудаушысы болып жұмыс істеген. Осы ұстаз Тәжібайға орысша хат танытады. Сол азын-аулақ хат шолуды білгендіктен Тәжібай кейін қала байларына жалдама қызмет істейтін приказчик бола бастайды. Әбділданың балалық шағы қалада, ата-ана бауырында өткенмен, алты жасында әкесі өліп, жетім қалады. Ендігі тәрбиесі анасы Айманкүлдің қарамағында өтеді. Күнделікті еңбекпен тіршілік етіп отырған Тәжібай өлген соң Айманкүл жас баласымен мұқтаждық, жоқшылық күйге түседі.

Айманкүлдің нағашысы Сыр бойының ескі балықшысы, әрі егінші-диқаны Далдабай деген қарт еді. Сол кісі жетім-жесір болып қалған Тәжібайдың үйі үшін өз қолына алуды жөн

АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСЫ – ПОШТАШЫ

Одан кейін Шымкенттегі жеті жылдық мектепте оқыған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы жоғары әдеби курсты бітірген. Еңбек жолын 1926-1928 жылдар аралығында «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде пошташы, содан соң корректор болып бастаған. 1927 жылы «Жұмысшының гудогі» атты тұңғыш өлеңі «Жұмысшы» газетінде басылды.

Әрі қарай өлеңдері «Жұмысшы» және «Еңбекші қазақ» газеттерінде шығып тұрған. 1932-1934 жылдары Қарсақбайдағы «Қызыл кенші», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Жырма бес жастағы Ә.Тәжібаев 1934 жылы Қазақстан Жазушылар Одағының хатшылығына, ал 1939 жылы оның

қаламгерлердің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған.

БАТЫРДЫ ТАНЫТҚАН АҚЫН

«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында қаһарман Бауыржан Момышұлы Әзілхан Нұршайықовпен әңгімесінде былай деп еске алады. Әбділданы танытар сол сәт әңгімені ықшамдап келтірейік...

«Бауыржан айтады: Қазақстан Жазушылар одағына хат жазғанмын. Қазақстан жазушылары, мынау сұрапыл соғысты өз көздерімен көрмей үйде отырарсындар ма? Ертең соғыс туралы шығарманы қалай жазарсындар? Бұл соғыс тарихта да, әдебиетте де атаусыз қалатын соғыс емес дегенмін. Адам қасында жүргеннің қадірін біле бермейді. Әбділда деген ұлы ақын, ұлы азамат қой, шіркін! Өзің ойлашы, сен бір ауыз сөлем айтқан екен деп толарсақтан қан кешіп, оқ пен оттың ішінде жүрген саған қай досың артыңнан іздеп келеді? Шешен келсе келер, екен келсе келер. Ешкімнің әмір-бұйрығынсыз, соғыс кезінің әр сағат, әр тәулігі өліммен ұштасып жатқан ауырталық қиыншылықтарына қарамастан майдандағы солдаттарға сәлем беремін деп келу үшін адамға қаншама қажыр-қайрат, адамгершілік, азаматтық, сүйспеншілік керек десеңші! Соны мен бірінші рет осы Әбділданың басынан көрдім. Ақпейіл ақынның аңқылдап майданға келіп қалғанын бір-ақ білдім. 1942 жылдың сәуірінде жолда машиналарына бомба түсіп, істен шығып, Калинин облысының қара батпағын жарымжан аяғымен тізеден кешіп, жиырма шақырым жаяу жүріп, қап-қара боп түгіліп Талғар полкына келген Әбділданы көргенде төбе шашым тік тұрды. Тамағым бір нәрсе кептеліп қалғандай, дыбысым шықпай оны бас салып құшақтай алғаным есімде. Солдаттардың қаһарлы командирінен арсалдаған балаға айналып кеткен сияқтандым. Ол қазақтың Қаратауын қасыма әкеп қойғандай болды. Алатауға арқамды тіреп тұрғандай болдым. Әбділдамен бірге бүкіл қазақ даласы көшіп келген сияқтанды.

– Неге келдің? Төбеден бомба жауған майданда өліп қалсаң қайтесің? Неге келдің, Әбділда? – дедім мен бір кезде даусым шығып.

– Өлсем сенен жаным артық па? Мынау тұрған көген көз боздақтардан жаным артық па? – деді ол.

– Біз солдатпыз, сен ақынсың ғой, Әбділдау.

– Солдатыма сүйегім сырқарамаса менің нем ақын, нем азамат, Бауыржан?! – деп әбден

санайды. Ендігі бірталай жылы Қараөзектегі сол Далдабайдың аулында өтеді. Далдабай өз баласы болмай, жиені Айманкүлді бесіктегі шағында бала қылып, бауырына салып өсірген. Өзі мейірімді, есті әке болған. Айманкүлді 14 жасына дейін ауылдағы молдадан оқытқан. Хатқа жүйрік, парсы, шағатай әдебиетіне өте таныс қанықты оқушы етіп өсірген еді. Айманкүлді оқытушы Ділдахан молда Бұхарда отыз жыл оқып қайтқан, ескі медресе тәрбиесі бойынша көп білім алған кісі деп саналатын. Сол молданың ықыласты шәкірті болып өскен Айманкүлді Далдабай аулындағы көрі-жастың көбі «молда қыз» деп атап кеткен. Далдабай қарттан бастап, ауылдағы үлкен аға, қарі жеңгейлерге шағатай, парсы тіліндегі ақындық шығармаларды Айманкүл көп оқып береді. Өзі де көп кітапты біліп, айналасында жүргендерді шығыс әдебиет үлгілерімен мол таныстыра жүрді. Кішкене Әбділда Далдабай ауылына жетім бала болып барған шағында анасының әрбір кештерде, жиын топқа арнап оқып отыратын қисса, дастандарын естиді. Шығыстың классик туралы әңгімелерін ықыласпен тыңдайтын. Бала ақын ақындықтың алғашқы әсерін осылай тәрбиеден алады.

Айманкүлдің кітап оқығыштық мінезін құптаған Ділдахан молда өзі әбден қартайған шағында «ең жақсы шәкіртім осы» деп, бар кітапханасын Айманкүлге сыйлайды. Сол кітапханада Низами, Науаи, Хафиз, Сайхали, Бәділ шығармалары болады. Осы шығармаларды Айманкүл өзі оқып, жұртқа тыңдатумен қатар, баласының санасында ақындыққа құмарлықты еге жүреді. Тілі көпшілікке ұғымсыз болған шығармаларды қарттар мен балаларға оқып беруде Айманкүл шығыстың бәйіт оқитын сұлу мақамдарымен жырлап жеткізеді. Онысы да тыңдаушыларына өз шетімен көркемдік тәрбие беретін. Тәжібайды жоқтап Айманкүл өз жанынан алғашқы мұң-шұр өлеңдерін де жазды. Өз мұңын өз тілімен жазған жоқтауын ақындығының кітапша сөздерін араластыра айтты. Жыл бойында осы жоқтауын көп айтып, кеңейте жүріп, Айманкүл өзі мен баласының мұңды күйін ұзақ поэмаға айналдыра бастады. Сол жоқтаудың ішіне:

Ашыла түсіп гүл солды,
Жаңа бір түсіп от сөнді, –
деген арманды шер шерткен жолдары жас Әбділданың әкесі тұрасындағы мұңы болып жадында жүрді.

Айманкүл баласын өзі оқытып, жеті жасқа толғанында толық хат танытады. 1920-1921 жылдары Сыр бойында көп жанның қазасына себеп болған оба ауруы тарағаны белгілі. Сол дерттен Әбділда мен шешесін асыраушы, қорған болып отырған нағашысы Далдабай қарт қайтыс болады да ашаршылыққа ілінген ана мен бала Ақмешітке қайта көшіп келеді.

1922 жылы ол жетім балалар интернатына түсіп, бір қыс шала-шарпы оқумен күні өтеді де жаз шыға үш-төрт бала қосылып Ташкентке кетеді. Әйткенмен онда оқу іздеген балалар көп болып, бұлар орналаса алмайды. Қайта қайтуға қаражат болмай, енді анық панасыз балалардың өміріне көшеді. Көп айлардан соң әлі оқуға да, өмірге де орналасып жәй таба алмай жүрген панасыз бала Қызылордаға қайта келіп, Ленин атындағы интернатқа орналасады. Жақсы оқушы, үлгілі пионер болып, білімді азамат болуға қадам басады. Комсомолға да қосылады. Әбділда 14 жасар кезінде осы мектепте өзінің ең алғашқы ақындық тәжірибесін бастайды.

Басы 1-бетте



Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Жамбылтану бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1948-1958 жылдары шығармашылықпен айналысып, 1958-1960 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1960-1962 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының екінші хатшысы, 1962-1984 жылдары М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты театртану бөлімінің аға ғылыми қызметкері, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1963 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болып сайланған. 1964 жылы ақынның «Жүректерілер» атты пьесалар жинағы жарыққа шыққан. Бұл еңбекте «Майра», «Жалғыз ағаш орман емес», «Көңілдертер», «Қыз бен солдат», «Монологтар» сияқты драмалық туындылары, «Той боларда», «Дубай Шубаевич» тәрізді комедиялары жинақталған. Оның «Өмір мен поэзия» «Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы» атты монографиялық зерттеулері, көптеген сын мақалалары жарияланған. Ол «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты зерттеу еңбекті құрастыруға қатысып, соңғы басылымының редакциясын басқарған. «Жылдар, ойлар» атты еңбегінде Жамбыл, Нурпейіс, Иса ақындар мен М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Жұбанов, тағы басқа әдебиет және өнер қайраткерлері жайлы естеліктерін жариялады. «Жаданның хаттары», «Хаттар сөйлегенде», «Өмір мен ерлік» атты сын, эссе, прозалық кітаптарында әдебиет пен өнерге қатысты толымды пікірлер айтқан.

Ә.Тәжібаев жазушылығына қоса біраз жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып, өмірінің соңғы жылдарын бірыңғай шығармашылыққа арнаған. Ә.Тәжібаевтің сценарийі бойынша «Жамбыл» кинофильмі түсірілген. А.Пушкин, Т.Шевченко, А.Островский, Г.Гейне, тағы басқа

қажып келген Әбділда сылқ түсіп блиндажың жиегіне отыра кетті.

Елдің хабарын айтып, жалынды өлеңдер оқып Әбділда менің де, менің полкымның жауынгерлерінің де құлақ құрышын қандырды. Солдаттар Әбділданы әкесіндей көріп кетті. Әбділданың әкедей ақылғөй, шешедей мейірдан, парасатты өлеңдеріне тәнтімін. Мен үшін қазіргі өзге ақындар бір төбе де Әбділда бір төбе. Соғыстың қақпап тұрған қатал жылында қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтың асқақ үні кереді. Ол үн жауынгерлердің жүрегіне қайрат боп тұнып, Калинин орманының ішін кернеп кетті. Соғыстан кейін жігіттердің бірі маған әзілдеп:

– Бауке, жел соқса Калинин облысының орманына дейін қазақша эн салады екен, – деді.

– Ән салса оны 8-інші гвардиялық Панфилов дивизиясының жауынгерлерінен, сол жерге келген қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтан үйренген болақ, – дедім мен оған шындап. Бауыржан ақын досының ерлігін осылай еске алыпты.


Осы майдан сапарынан елге оралған Әбділданың «Бауыржанға» деген өлеңі республикалық газеттерге басылды. Оны Самуил Маршак орысшаға аударып, 1942 жылы мамырда одақтық «Известия» газетіне жариялайды. Қаһарман майдангер Бауыржан Момышұлы есімі алғаш осылай әйгілі болыпты» деп келтірілген әңгіме барысында.

Иә, 1998 жылы дүниеден өткен қазақтың Әбділдасы өмірде бәрін көріп кетті. Жетімдікті, жоқшылықты, соғысты да... Бірақ еш мойымады. Алланың берген талантымен бәрін жеңді. Расында да, қаламының құдіретімен елдің елеулісіне айналған абыз ақынды Сыр елі мақтан тұтады.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

■ СЫР СҮЛЕЙІ

Сыр өңірінде сөзден сүбе асап, жырдың жілігін шағып, мақалдың майын ішкен жыр жүйрігі баршылық. Содан болар «Сырға барсаң, жыршымын деме» дейтіні. Алқымы алтын, көмейі күміс Сыр сүлейлерінің көрнекті өкілінің бірі – Базар Ондасұлы.



ЖЫР ЖАМПОЗЫ

Балқы Базар Ондасұлы 1841-1911 жылдар аралығында өмір сүрген гибратты ғұмыр иесі. Оның даналыққа толы жарқын жолы ісі қазаққа үлгі, өнеге. Базар Ондасұлы шөмекей руының ішіндегі Балқы аталығынан тарайды. Содан ел арасында Балқы Базар атанып, 15-16 жасында «бала жырау» деген атқа ие болды. Жыр жампозы «Әуелі Базар атандым, он алты деген жасымда, Бай Көкшенің асында», – деп жырлайды.

ЖЫРАУЛЫҚ ЖОЛЫ

Базар жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленіп, жетіледі. Тоғыз жасында Тәспен би оны өз қолына алады. Тәспен ауылына сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңірінен жыраулар жиі келіп, апталап, айлап жатады екен. Бұл Базардың жыраулық жолға түсуіне себеп болады. Сонда алғашқы мектебі қалыптасады. 1858 жылы Тәспен би Қызылқұмдағы игі жақсыларды шақырып, ұланаасыр той жасап, Базардың астына жүйрік ат мінгізіп, үстіне шапан жауып, жыраулық жолына сәт сапар тілейді. Базар жырау осы кезден бастап Бірғыз, Сыр бойы, Қызылқұм, Үргеніш, Хиуа жерлерін жырау ретінде аралайды. Осы өңірлерде есімі мәшһүр Ноғайлы дәуірінің киссаларымен танысып, оларды жаттап, халық арасында жырлайды. Хорезм жағында Базардың кезінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім «Көроғлы», «Жүсіп-Ахмет» дастандарын қазақ тілінде жырлап, Сыр бойына кеңінен таратады. Сонымен қатар шығыс аңыздарының ізімен «Әмина қыз», «Айна-Тарак» дастандарын жазып шығарады. 1907 жылы Қазан қаласынан басылған «Айман-Шолпан» жырын қайта жаңғырта жырлайды. Кейіннен «Қыз-Жібек» жырын да жырлап, таратады.

«ҚАЗАҚТЫ СҮТТЕЙ ҰЙЫТТЫ, АУЗЫМНАН ШЫҚҚАН ЛЕБІЗІМ»

Жырау шығармашылығынан туған әрбір туынды елді ынтымаққа ұйыстырып отырған. Шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы он жылдығына тура келетін жыраудың жыр-толғаулары сол кездің өзінде-ақ Сыр бойына ғана емес, күллі қазақ даласында дәріптеледі. Сол замандарда әрбір аймақтарда көптеген жас таланттар Базар жырау шығармашылығынан ауызданып, өнерлік жолын бастағаны жайлы нақты деректер айтылады. Жыраудың өзі: «Қазақты сүттей ұйытты, аузымнан шыққан лебізім» немесе «Дабылым кетті алысқа, Жиреншенің өзіндей» деп жыр толғайды. Осы өлең жолдарынан оның әуелден ақындық, жыршылық кеңестігі кең де кемел болғанына көз жеткіземіз. Сөкен Сейфуллин: «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы» десе, Мағжан Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған», – деп оның қарым-қабілетін жоғары бағалайды. Сөз санлақтарының жырау шығармалары жайлы жазған орамды ойлары оның мұраларына деген оң көзқарас қалыптасуының айғағы.

ӨНЕРДІҢ МҰРАТЫ – АДАМЗАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Ес білгені ел аузындағы жыр термелерді, толғау дастандарды жаттап өсу жыраудың балалық шағына тән

базарлы уақыты болатын. Өнердің мұраты – адамзатқа қызмет ету. Өнердің тақырыбы – адам тағдыры. Бұл тұрғыдан алғанда Базар жырау шығармалары көркем бейнеге негізделіп құрылған. Тағы бір айта кетерлігі, өз өлкесі мен ел ішіндегі елеулі есімдерін елеп, өмірлерін көркем шежіреге айналдыра отырып жырау – Базар жыраудың дара қолтаңбасы. Тарихи тұлғаларды қамтып жырау оның ақындық орбитасының кең екендігін көрсетеді. Сонымен қатар жырау шығармаларында сазды әуен, сырлы мұһенд бірге эпикалық қарқын, қуат та бар. Екіншіден, жыраудың суреткерлік тұрғыдағы қазақ өлеңіне қосқан үлкен жаңалығы – жыр толғауларға әдеби кейіпкерлерді молынан енгізуі.

Ол іргелі толғауларында өмірдің мәнағынасына көз жүгіртіп, Тіршілікте кездесетін жақсылық пен жамандық, адамгершілік пен зұлымдық хақында тереңнен ой толғаған талант иесі. Оның жырлары афоризмге толы, жырау ел аузында айтылып жүрген мақалдарды ой елегінен өткізе отырып, әрін келтіріп, басқаша мағынамен асқан шеберлікпен қолдана білген. Базар жырау домбыраны өте жақсы тартқаны жайлы да айтылады. Сыр бойында таралып жүрген, көпке ортақ әуендерді өз өлең ырғағына орай өңдеп, өзгертіп қолданған. Оның жырау сазы өте әсем, қисса, толғауларды орындағанда құбылып орындаған. Бұлдан жыраудың сазгерлік қабілетінің жоғары екендігін айқын аңғаруға болады. Қартайған шағында құрласы әрі туысы Нұрымбеттің Төрөмұрат деген баласына ауызша айтып отырып, көп толғау-жырлары мен дастандарын хатқа түсірткен. Соның нәтижесінде 15 мың жолға жуық өлең-жырлары мен 5 дастаны сақталған. Базар жырауды Сыр бойындағы шайырлар өздеріне ұстаз тұтып, өнегесін ұстанған.

Қазақ халқының кастерлейтіні, қадір тұтатыны сөз өнері десек, қазақ жұртының руханият дүниесінен ерекше орын алатын Сыр сүлейлерінің басында Базар Ондасұлы тұр. Сыр сүлейлері негізінен арабша сауатты болған. Өз шығармашылықтарында шығыстың классикалық әдебиет дәстүріне ден қойған. Ұлттық көркемөнеріміздің өркендеткі елдердің әдейісімен, өнерімен шығармашылық бабианаста болған.

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІҢ НАСИХАТШЫСЫ

Базар жырау шығармасында «Құлаштан дүние сені қармансам да керімі келген шығар Ер Қорқыттың», – дейді. Бұл өлең жолдарында Қорқыт есімі жай аталып отырған жоқ. Негізінен сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің туындыларын Қорқыт дәстүрінің жалғасы деп мензейді. Бұлдан Сыр сүлейлерінің шығармалары Қорқыт дәстүрінен бастау алатынын аңғаруға болады. Сыр сүлейлері шығармашылығы оның ішінде Базар жырау мұралары әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүние. Базар жырау ұлттық әдебиет дәстүрін жалғастырушы ғана емес, оны байытушы.

Жыраудың шалқар шабытын, әурақты ақындығын, талантының тегеурінділігін дәлелдейтін өрелі өлең жолдары шығармаларында көптеп кездеседі. Саф алтындай жарқыраған, мағыналы сөз мәйегі сыр сүлейінің әдеби мұрасының айрықша сипаты. Базар жырау шығармалары қазақ халқының жанына сәуле, рухына қуат құя беретініне күман жоқ. Өйткені ол мәңгілік мұраның аласармас биігі.

Тұрар
БЕКМЫРЗАЕВ

ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН КӘСІПОРЫН



Цехта 6 адам жұмыс істейді. Мұнда айына түрлі үлгідегі жүздеген орындықпен, жиырмаға жуық коқыс жәшігі жасалады. Сонымен қатар жақын арада кәсіпорын жиналмалы чөмодан жасауды да қолға алыпты. Ол жай көзге қарапайым чөмодан болып көрінгенмен, ішінде балық аулау мен табиғат аясында уақыт өткізуге арналған құралдар топтастырылған. Яғни ішінде орындықтар, қазан-ошақ, табиғат аясына барғанда қажетті құрылғылар бар. Сондай-ақ кәсіпорын автобус аялдамасын құрастыруды да қолға алмақ.

— Цех өткен жылдың тамыз айында іске қосылды. Барлығы соңғы үлгідегі құрылғылар көмегімен басқарылады. Мұндағы құрылғылардың барлығы арнайы тапсырыспен Алматы қаласынан алынды. Мысалға, «MaxSteel» құрылғысының ерекшелігі қажетті ою-өрнекті жасап, кнп ала беруге болады. Біз «Мүз айдыны» мекемесінің тапсырысы бойынша жылу алмастырғыш

шығардық. Бұл жылуды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бүгінде бізге тапсырыс түседі. Алдағы уақытта басқа дүниелер шығаруды жоспарлап отырмыз, — дейді «Қызылорда тазалығы» мекемесі директорының кеңесшісі Серік Теңізбаев.

Цехта шығатын орындықтар қала көркіне сән беріп, тұрғындардың демалуына жайлы дайындалған орын болды. Алдағы уақытта кәсіпорын Wi-Fi желісі мен ұялы телефон қуаттайтын құрылғы және атақты конструктордың ән-күйлерін орындайтын орнату жоспарлауда.

Шеберханада қызу жұмыс жүрде. Бірі темірді қиыстыра дәнекерлеп жатса, енді бірі орындайыққа ою салуда. Шебердің бірі — Ержігіт. Ол он жылдан бері дәнекерлеуші болып еңбек етуде. Темірден түйін түйген маманға бәрі риза. Күні бойы оттың жалынына қарап отыруға мықты ерік-жігер мен денсаулық керек.

— 2011 жылы М.Ықсанов атындағы колледжін дәнекерлеуші мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Алғашқы күні бір күн жұмыс істеп, үш күн ауырдым, бір апта көзім қызарып жүрді. Тәжірибесіздік қой. Содан біраз уақыт жоламай жүрдім. Сонда барып мұның техникасын, қыр-сырын меңгердім. Білгенімнен білмегенім көп. Технология күн сайын жаңаруда. Осыдан бірнеше жыл пайдаланған құралдар қазір қолданыстан шыққан. Оның орнын мүмкіндіктері көп жаңа құрылғылар басуда. Жаңа технологияны меңгеріп жұмыс істеу үшін әрдайым ізденіс керек. Бұл да үлкен өмір, — дейді Ержігіт Әлібаев.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

ӨНЕР

А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде қалалық жастар театрының ұйымдастыруымен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Отырардың жасыны» атты тарихи драма сахналанды.

«ОТЫРАРДЫҒЫ ЖАСЫНЫ»



Оған қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов, жазушы Сайлаубай Жұбатырғов және басқа да зиялы қауым өкілдері мен жастар қатысты.

Қойлымда шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз саналған Әбу Насыр әл-Фараби өмірі мен өз дәуірі шебер суреттеледі. Көрермендердің баым бөлігі жастар болғаны көңіл қуантады. Бұл — жас жеткіншектеріміздің рухани мұрамызға деген құрметінің артып, қызығушылығы жоғары екендігінің айғағы.

Қойлым Отырар қаласындағы Әбу Насыр әл-Фарабидің жастық шағынан бастау алады. Бұхара, Шаш қаласынан білім алып келген жас өрен қару-жарақ пен соғыс даласын емес, ілім жолын тандағанымен өрбиді. Әке жолын ұстанып, батырлыққа бет бұрмай ілім-ғылымның ізіне түскені оны әлемнің екінші ұстазы атандырады.

Әкесі көз жұмар алдында ұлы Әбу Насыр әл-Фарабиге білім жолына біржола бет бұрып, алдына қойған армандарына жету үшін батасын беріп, әке үмітін ақтауды аманаттайды. Өз кезегінде Әл-Фараби әке сеніміне селкеу түсірмей әлемдік деңгейдегі білім нәрін толық меңгеруге Бағдат қаласына аттанып кете барады. Ол туған шаһары Отырар қаласымен қоштасар сәтінде «Мен туған топырағымнан көніл қуантады. Бұл — жас жеткіншектеріміздің рухани мұрамызға деген құрметінің артып, қызығушылығы жоғары екендігінің айғағы.

Драмалық қойлымның негізгі мақсаты осы болатын. Бұл білім, ғылым мен діннің ара жігін дұрыс ажырата білу екендігін айғақтай түседі. Құндылықтарға негізделген қойлым талантты жастардың шынайы шеберлігімен көркем бейнеде көрерменге боямасыз тарту етілді.

Режиссер Оңталап Нұрмахановтың жетекшілігімен сахналанған спектакль осылайша Сыр төрінде тың серпін алып, жастар театры жаңа қырынан таныта білді.

— Әбу Насыр әл-Фарабиді әлі де тани түсуіміз керек. Грек ғалымы Аристотельмен тең дәрежеде танылған тұлға. Қойлымды тебіреніспен тамашаладық. Режиссер — драматург шығармасына екінші өмір сыйлаушы. Бұл тұрғыда режиссер Оңталап Нұрмахановқа ризашылығымды жеткіземін. Шығарманы шыңына жеткізіп орындай білген жастар театры ұжымына мың алғыс. Өнері өрсіті елдің келешегі кемел. Театрдан рухани қуат алып, жанымыз жадырап қалды. Сыр төріндегі спектакль әлемдік деңгейде әспеттелді, — дейді драматург, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Жолтай Әлмашұлы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



Басы 1-бетте

СҮЙІНШІ!

19 БАТЫРДЫҒЫ ЕСІМІ ЕНДІ

Тарих пен мұрағат жұмыр жердің мәңгілік шырақшысы іспетті. Ол елдің өткені мен бүгінгінің бүкілсіз қағаз бетіне түсірілген нұсқасы. Бұл — сан ғасырлар күесіндей болған күллі дүние күмбірі. Осындай өнегелі дүниені өмір өзегіне айналдырып жүрген бахадүр бабалар жайлы деректі материалдарды жинаған Бақытжан Ахметбекті ғылыми орта жақсы біледі.



Ол бұған дейін де бірнеше құнды жазбаны жарыққа шығарды. Жақында тағы бір жағымды жаналық келіп жетті. Жерлесіміз, тарихшы Бақытжан Ахметбек Қазақстан тарихы энциклопедиясының 2-3 томына Сыр бойынан шыққан 19 батырдың енгізілгені. Бұл — үлкен ізденістен туған еңбектің жемісті нәтижесі.

Қазіргі таңда Қорқыт ата университетінің тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, ҚР тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Бақытжан Мұқарамұлы Сыр бойы батырлары туралы 1989 жылдан бері зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Бүгінге дейін батыр бабалар туралы 100-ден астам мақала мен 10-ға жуық кітап шығарды.

«Ақмешіт-ақпарат»



«СЫБАҒАДАН» СЫБАҒАСЫН АЛҒАҒАДАР

БАҒДАРЛАМА –
БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға және өнім сапасын арттыруға субсидиялауға өткен жылы мемлекеттік бюджеттен 80 шаруашылық құрылымына 162,4 млн теңге субсидия төленген. Сонымен қатар мемлекеттік қолдау арқылы 147 бас асыл тұқымды ет бағытындағы бұқашықтар, 147 бас отандық асыл тұқымды аналық ірі қара, 86 бас асыл тұқымды ет бағытындағы қошқар және 542 бас асыл тұқымды аналық қой сатып алынған. Мұның барлығы Сыр өңірінің мал шаруашылығы саласына серпін беруде.



Қалаға қарасты Қосшыңырау ауылдық округінен «Аруана» шаруа қожалығы асыл тұқымды репродуктор шаруашылықтар қатарына еніп, асыл тұқымды бұқаларды саудалаттын дәрежеге жетіп отыр. Сондай-ақ қаланың «Танқаман» ЖШС кәсіпорны жылқы шаруашылығымен айналысып, асыл тұқымды ет бағытындағы «Мұғалжар» тұқымды репродуктор шаруашылық болып танылды. Берекелі істің бастауы болған бағдарламаға ел дән риза екендіктерін айтуға.

«Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы да қызылордалық кәсіпкерлерге оң септігін тигізуде. «Сыбаға» бағдарламасымен 100 бас асыл тұқымды аналық сиыр және 4 ауыл шаруашылығы құрылымы «Сырдария-1» несие серіктестігі арқылы 80,0 млн теңге несие алып, 2000 қой және 500 бас асыл тұқымды, 364 бас отандық қой сатып алынды. Барлығы 2864 бас қой елге алынып, өсірілуде.

Басы 1-бетте

ТҰҚЫМДЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ

Мамандар мәліметіне сүйенсек, қала бойынша 11 935 бас ірі қара аналығы тіркеліп, қазіргі таңда 3368 бас аналық сиыр және 142 бас асыл тұқымды бұқа мал тұқымын түрлендіруге қатыстырылуда. Аналық сиырлардың тұқымдық түрлендіруге қатысуы жоғары деңгейде өткізілуде. Бұл бағытта қарқынды жұмыстар жүргізіліп келеді.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Қызылорда қаласынан «МТС Агро» ЖШС 200 басқа арналған мал бордақылау алаңы биылғы жылы іске қосылады деп күтілуде. Қаладағы «KZO ET» мал сою және бордақылау алаңы іске қосылды. Өндірілген өнімдер тұрғындарға нарықтағы бағадан төмен ұсынылуда. Мал бордақылау алаңында қазіргі таңда 260 бас бұқашық бордақылануда.

«Сыр маржаны» ЖШС ирандық «Tavooni Faragiri Inche Bogouin Co» компаниясымен бірлесіп, экспортқа бағытталған жылдық қуаттылығы 5 мың тонна ет оңдеу комбинатының құрылысын салуда. Жобаның құны — 832,5 млн теңге. Жобаға Қызылорда қаласына қарасты Талсуат елді мекенінен 15 га жер телімі беріліп, 2019 жылы ет комбинатының іргетасы қаланып, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ет комбинаты іске қосылған кезде тәулігіне 250 бас ірі қара, 1000 бас қой сойылады деп жоспарлануда. Ет комбинаты екі бөліктен тұрады. Біріншісі мал сою жұмыстарына бағытталса екінші бөлігі етті сақтау қызметін жүзеге асыратын болады. Сонымен қатар ет комбинатында шұжық, консерві, ет өнімдері шығарылатын болады. Вакумдық қаптамада жылына 5 мың тонна ет өндіріліп, 25 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Жалпы өндірілген өнімнің 60 пайызы экспортқа бағытталатын болады, — дейді қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің мамандары.

Р.С «Сыбаға» бағдарламасы Сыр өңірінде осылайша серпінді іске асып келеді. Бұл елдің экономикалық-әлеуметтік ахуалының артуына зор септігін тигізеді. Ата кәсіп ширай түсуі үшін әлі де мал шаруашылығы саласын қолдау артық етпейді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

150 ЖЫЛҒА СОТТАЛҒАН АДАМ

Адамзат тарихындағы ең ірі қаржы пирамидасын ұйымдастырғаны үшін АҚШ соты америкалық олигарх Бернард Мейдоффтың 150 жылға соттапты. Бұл — 2009 жылы болған оқиға.

Негізінен, Бернард дүние жүзіндегі ең бай адамдардың қатарында болған. Ол 1938 жылы Нью-Йоркте еуропалық азаматтардың отбасында өмірге келген. 1956 жылы сол қаладағы әйгілі Fat Rockaway мектебін томамдайды. Жас кезінен жүзумен айналысқан Бернард араға төрт жыл салып Хофстра колледжін бітіреді. Оқып жүріп жағажайда құтқарушы және бақшалық қондырғылар құрылысын монтаждаумен айналысады. Жұмыс жасап тапқан бес мың долларына ол 1960 жылы Madoff Investment Securities деп аталатын фирмасын ашады. Кәсіпте табысты бола бастаған Бернард он жылдан кейін бауыры Питер мен Роджер, Шан есімді жиендерін және Марк пен Эндрио атты ұлдарын өз ісіне тартады.

Мейдоффтың бизнесі жыл өткен сайын өркендей береді. Ол тіпті, NASDAQ атты америкалық қаржы қорын құруға қатысады. Madoff Investment Securities фирмасы осы биржаның саудасымен айналысатын ең ірі фирмалардың бірі болды. Б.Мейдофф 1990 жылдардың басында NASDAQ-тың директорлар кеңесінің мүшесі әрі оның төрағасы қызметін атқарды.

Бәрі осылай жалғасып жатқан. Бір күні жинаған дүние мен байлықтың бәрі құрдымға кететінін кім білген? Өйткені ол адамзат тарихындағы ең ірі қаржы пирамидасын ұйымдастырған болып шықты. Бернард құрған алаяқтық жүйе 50 миллиард қаржыны құрдымға жіберіп, 3 миллион адамды күйзеліске ұшыратқан. Бұл қаржы пирамидасының күйреуі 2007-2008 жылдардағы Американдан бастау алған қаржы дағдарысымен тұспа-тұс келді. Оған көптеген америкалық банктер мен халықаралық қорлар ақша салған деседі. Дегенмен 2009 жылы Бернард ұсталды. Көптің көз жасы жіберсін бе? Нью-Йорк соты оны 150 жылға соттапты. Бернард жайлы былы «Жең, Великий и Ужасный» деген фильм де шықты. Мейдоффтың рөлін Роберт Де Ниро сомдалды.

Осылайша, байлығында есеп жоқ Бернард әшкерә болды. Шынында, қаншама байлығы Бернардты сотталудан құтқара алмады. Балалары да қайғылы жағдайға ұшырады. Оның Марк есімді ұлы 2010 жылы өз үйінде дарға асылған күйінде табылды. Ал екінші баласы Эндрио 2014 жылы рақтан қайтыс болды.

Қазақ «көптің қарғысын емес елдің алғысын алған көгереді» деген сөз бар. Біздің айтқымыз келгені де осы.

А.АҚЫЛБЕК

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Атпасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №151
Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ